Эмоционалды құзыреттілікті кең мағынада түсіну адамның барлық қабілеттерін қоршаған ортадағы адамдардың эмоцияларын түсіне білу және олардың эмоциялық күйіне бейімделе білу есебінен тиімді тұлғаишілік және тұлғааралық өзара әрекеттесуге жұмылдырады, сондықтан эмоционалды құзерттілік, біріншіден – тұлғаның психикалық денсаулығының, екіншіден, сапалы өзара қатынастар белгісі болып табылады. Айналадағы адамдармен сапалы қатынастар орната алмау, өзінің және өзгелердің эмоциялық күйін танып, түсіне алмау эмоциялық құзыреттілікті дамытудың өзектілігін көрсетеді.

Эмоционалды құзыреттілік әлеуметтік – психологиялық зерттеудің пәні ретінде салыстырмалы түрде бүкіл әлемде, Ресейде қарқынды зерттеліп келеді. Отандық психологияда эмоциялық интеллект аз зерттелген жаңа феномен болып табылады. Шетел психологиясында бүгінгі уақытта эмоционалды интеллект мәнін, құрылымын түсінуге арналған бірнеше бағыт бар (Р.Бар-Он., Д.Гоулман., Дж.Майер., П.Сэловей., Д.Р.Карузо., И.Н. Андреева., Д.В. Люсин., Е.А. Сергиенко., И.И. Ветрова және т.б.). Алайда эмоционалды құзыреттіліктің барлығына бірдей ортақ теориясы қалыптаспаған [2].

Д.Гоулмен эмоциялық интеллект және оның адам өміріндегі маңызы туралы түсініктердің кеңеюіне зор үлесін қосқан ғалым. Д.Гоулмен теориясы бойынша эмоциялық интеллект – тұлғаның өз эмоциясы мен айналадағылар эмоциясын түсіну, оны өзінің жеке мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолдану қабілеті. Д.Гоулмен жасаған модельде эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттері бір-бірімен өзара байланыста көрсетілген:

1. Ұқсастыру (идентификация) және эмоциялық күйлерін айту, эмоция, ойлау және әрекет арасындағы өзара байланыстарды түсіну.

2. Эмоциялық күйін басқару – эмоцияларды қадағалау және ұнамсыз эмоциялық күйлерді ұнамды эмоцияға ауыстыру.

3. Табысқа жетелейтін эмоциялық күйлерге ене білу қабілеті.

4. Өзге адамдардың эмоциясын ұқсастыру қабілеті, оларды сезіну, басқалардың эмоциясын басқару.

5. Өзге адамдармен үйлесімді тұлғааралық қатынастар орнату қабілеті.

Қазіргі таңда Д.Гоулменнің толықтырып, жетілдірген эмоциялық интеллектінің құрылымдық компоненттері бар. Олар:

- өзіндік сана;
- өзін-өзі бақылау;
- әлеуметтік сақтық (сезімталдық);
- қатынастарды басқару.

Кәсіби іс-әрекет саласын зерттеуші ғалымдар пікірінше белгілі бір мамандықта табыстарға қол жеткізу білім деңгейіне ғана емес, логикалық интеллектіні, әсіресе эмоционалды құзыреттілікті дамытудың да маңызы зор. Ғалымдардың анықтауынша, әлеуметтік және жеке тұлғалық сферада табысқа жетудің 80 %-ға жуығын эмоциялық интеллектінің даму деңгейі, тек 20%-ын IQ – интеллект коэффициенті ғана анықтайды екен.

Қазіргі заманда әлеуметтік экономикалық талаптарға бейімделудің қиындығы және адамзаттың өмірдің күрделі мәселелерін шешуге дайын еместігі түрлі күйде туатын психикалық күш жұмсауды күшейтеді. Тұлғаның эмоционалды құзыреттіліктің ерекшеліктері көп жағдайда адамның өмірлік жүйесіне ықпал етеді. Жоғары оқу орнындағы оқыту формалары, әдістер, интеллектуалдық қызмет мазмұнын бекітетін аса жоғары талаптар студенттердің жүйке жүйесіне шамадан артық күш түсіріп, оқу нәтижесіне ықпалы етеді.

Қазіргі таңда студенттердің әртүрлі эмоциялық ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Өйткені эмоционалды даму студент тұлғасын толыққанды қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Эмоционалды құзыреттілік өте күрделі мәселе болғандықтан, ол терең де арнайы кешенде зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты объективті түрде туындап отырған *қарама - қайшылықтарды* бөліп көрсетуге болады:

- эмоционалды құзыреттілік зерттеудің жоғары дәрежеде қалыптасқан жоғары оқу орны студенттерінің қажеттіліктерімен олардың эмоционалды тұрақтылық үрдісін қалыптастыруды қамтамасыз ететін зерттеу базасы жеткіліксіздігі арасында;

- жоғары оқу орындарында студенттердің эмоционалды құзыреттіліктің зерттеу нәтижелерін бағалаудағы өлшемдер деңгейінің қалыптаспауы;

- жоғары оқу орындарында студенттердің эмоционалды құзыретін зерттеулердің тиімділігін арттырудағы педагогикалық - психологиялық шарттардың жасалмауы[3].

Студент тұлғасы қалыптасуында іс-әрекет нәтижелілігінің төмендеуі өз кезегінде оның эмоционалды күйзелісі мен мазсыздануын күшейтеді, осылайша тұйық шеңбер пайда болады. Мазсызданудың жоғарғы деңгейі невротикалық сипаттағы түрліше функционалды бұзылуларға әкеп соғуы мүмкін. Біз мазсызданудың қолайсыздық қаупін алдын-ала сезумен байланысты, эмоционалды дискомфортты бастан кешу екенін анықтадық. Мазсыздық – қорқынышты эмоционалды түрде сезіну.

Эмоционалды құзыреттілікті дамытудың маңызы қаншалықты? Ғалымдардың көптеген зерттеулеріне сүйенсек, эмоционалды құзыреттіліктің төмен деңгейі алекситимия комплексіне алып келуі мүмкін. Алекситимия комплексі барысында адам өз эмоциясын ұғынуда, эмоциясын басқаруда біршама қиындықтарға ұшырайды. Және оның салдары психосоматикалық ауруларға ұласуы әбден мүмкін. Эмоциялық құзыреттіліктің дамуында біз олардың қандай ерекшеліктеріне сүйене аламыз? Көптеген зерттеушілер (Л. И. Божович, Т. В. Драгунова, В. А. Крутецкий және басқалар) студенттік кезеңнің қалыптастырушы орталығы сана-сезім деп есептейді. Сана-сезім эмоциялық интеллекті құрылымында жетекші орын алады. Бұдан басқа эмоциялық интеллектіні құрайтын үш құрамды бөлуге болады: өзін-өзі бақылау, эмпатия және қарым-қатынас жасай білу машықтары.

И.Н. Андрееваның пікірінше «эмоциялық құзыреттілікті дамыту – аса өзекті мәселе, себебі эмоцияның бейімделуші табиғаты индивидтің белсенді өмір сүруіне мүмкіндік жасап, тұлғаның белгілі бір ортаға бейімделу қабілетін және оның қоғаммен үйлесімді

қатынасын арттырады. Сонымен қатар, психологиялық тренингті қолдану студенттің өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну, өзге адамдардың эмоцияларын басқару және өз эмоцияларын бағындыра білу, эмпатия көрсету сияқты қабілеттерді дамытуға мүмкіндік береді. Психологиялық тренингке қатысу – эмоциялық құзыреттілікті дамытудың тұлғааралық және тұлғайшілік аспектілерін дамытуға көмектеседі [4].

Көптеген авторлардың еңбектеріне негізделі отырып, психологиялық тренинг көмегімен эмоциялық құзыреттілікті дамытуға болады деуге болады. ЖОО студенттерінің эмоционалды құзыреттілігін дамыту жолдарының алғашқы қадамы арнайы құрастырылған психологиялық тренинг болуы мүмкін. Сондықтан психологиялық тренингтер негізінде құрастырылған арнайы бағдарламаны жүзеге асыру – студенттердің эмоциялық мағлұматтылық, эмпатия, өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіну сияқты критерийлерден тұратын эмоциялық құзыреттілікті тиімді дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Робертс Р.Д., Мэттьюс Дж, Зайднер М., Люсин Д.В. Эмоциональный интеллект: проблемы теории, измерения и применения на практике // Психология (Журнал Высшей школы экономики). – 2004. - № 4. – С. 3-26.
2. Люсин Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования / Под ред. Д.В. Люсина, Д.В. Ушакова. – М.: Изд-во «Институт психологии РАН». 2004. – С. 29-36.
3. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: АСТ: АСТ Москва: Хранитель, 2008. – 478 с.
4. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект: исследования феномена // Вопросы психологии. – 2006. – №3. – С. 78-86.

ПОЛИАЗЫЧИЕ: ЯВЛЕНИЕ ЯЗЫКОВОЙ ИНТЕРФЕРЕНЦИИ

Аймуханова Д. Т.

А. Байтурсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Полиязыковая ситуация в мире, в основании которой лежит полиязычие народов и многообразие культур, при определенном социально значимом и специально организованном педагогическом контексте становится важным механизмом гуманизации общественной жизни, человеческой культуры и образовательных систем в условиях глобализации [1].

Понимание роли языков в современном мире ставит вопрос о результативности обучения языкам и повышении уровня языковой подготовки учащихся. Концепция развития образования в Республике Казахстан направлена на качественное обновление форм и методов подготовки профессиональных кадров, отвечающей общемировым стандартам. Большое внимание при этом уделяется полиязычному образованию, которое рассматривается как главный приоритет в подготовке молодого поколения к жизнедеятельности в условиях современного мира. В системе высшего образования без внимания не остается вопрос о результативности обучения иностранным языкам и повышения уровня языковой подготовки студентов.

Необходимость полиязычия неоднократно подчеркивалась Президентом РК на государственном уровне. Языковая политика Казахстана основывается на идее триединства языков, предложенной Президентом страны Н. А. Назарбаевым ещё в 2004 году. В дальнейшем эта идея была провозглашена в 2007 г. в Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире», в котором глава государства предложил начать поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков» [2].

Несомненно, основой формирования поликультурной личности является полиязычие. Полиязычие рассматривается как действенный инструмент подготовки молодого поколения в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира. В этой связи понимание роли языков в

современном мире ставит перед нами вопрос обучения языкам и повышение уровня языковой подготовки. Система принципов обучения в системе полиязычия: казахский язык – русский язык – английский язык.

Президент страны Н. А. Назарбаев поставил высокую планку перед отечественным образованием. Оно должно стать конкурентоспособным, высококачественным, таким, чтобы выпускники казахстанской школы могли легко продолжать обучение в зарубежных вузах.

Актуальность поликультурного и полилингвального обучения определяется всеобщей мировой тенденцией к интеграции в экономической, культурной и политической сферах. Полилингвальное обучение понимается как целенаправленный процесс приобщения к мировой культуре средствами нескольких языков, когда изучаемые языки выступают в качестве способа постижения сферы специальных знаний, усвоения культурно-исторического и социального опыта различных стран и народов.

Известно, что только то государство может успешно развиваться и гармонично вписаться в ряд ведущих стран мира, которое сумеет создать для своих граждан достойные условия для приобретения качественного и современного образования, как в своем государстве, так и за рубежом.

В этой связи новое звучание приобретает проблема языкового образования: трудности в изучении английского языка. Причем этот процесс должен протекать синхронно, не в отдельных плоскостях. В связи с этим было бы правомерно говорить о полилингвокультурном образовании, результатом которого должно стать многоязычие граждан общества [3].

Поликультурное образование в Республике Казахстан на сегодняшний момент является одним из главных направлений в системе образования. Именно образование является важнейшим этапом в процессе формирования и развития поликультурной личности, этапом, когда осознанно формируются основные ценности и жизненные принципы. Третья составляющая идеи связана с необходимостью изучения английского языка. Сегодня знание английского, открывает окно в большой глобальный мир с его колоссальным потоком информации и инноваций. Знание английского языка – это обязательное требование для делового общения и ведения бизнеса в любой точке мира.

Главной целью обучения студентов английскому языку является - развитие поликультурной личности, способной на социальное и профессиональное самоопределение, знающей историю и традиции своего народа, владеющей несколькими языками, способной осуществлять коммуникативно-деятельностные операции на трех языках во всех ситуациях, стремящейся к саморазвитию и самосовершенствованию [4].

В связи с этим в Костанайском государственном университете им. А.Байтурсынова активно реализуется программа полиязычного образования. На сегодняшний момент в университете открыты специальности, предполагающие изучение дисциплин на трех языках: часть дисциплин – на казахском языке, часть – на русском, часть – на английском.

Однако, явления полиязычия сопряжено с рядом трудностей, среди которых особое внимание следует уделить интерференции, с которой нередко сталкивается человек при изучении второго языка. Под интерференцией понимается «нарушение билингвом норм и правил соотношения двух контактирующих языков», сопровождающееся перенесением особенностей родного языка на изучаемый иностранный язык.

Как отмечает А.Л.Пумпянский, исследователь научно-технического перевода, к основным причинам, приводящим к ошибкам, относятся: 1. убежденность в однозначности слов и грамматических форм; 2. смешение графического облика слова; 3. ошибочное использование аналогии; 4. перевод слов более конкретными значениями, чем они фактически имеют; 5. неумение подыскать русское значение для перевода английских слов, лексических и грамматических сочетаний; 6. незнание закономерностей изложения научно- технического материала и способа его передачи на русский язык [5].

С целью изучения типов интерференции, а также для обнаружения наиболее распространенных примеров интерференции был проведен анализ речи студентов.

Так, в речи всех студентов присутствует фонетическая интерференция - наиболее устойчивый недостаток, практически не поддающийся полному преодолению. Даже при хорошем знании грамматики и лексики произношение звуков и интонация выдают не носителя языка. Например, при изучении английского языка происходит оглушение конечных звонких согласных, что приводит к изменению значения слова. Например: sad [sæd] печальный – sat [sæd] сел, bed [bed] кровать - bet [bet] пари, mad [mæd] сумасшедший – mat [mæt] коврик, bad [bæd] плохо - bat [bæt] летучая мышь, had [hæd] имел - hat [hæt] шляпа.

Не соблюдается долгота гласных, а от долготы гласной зависит смысл слова. Например: sit [sit] сидеть - seat [si:t] – место, port [pɔ:t] порт - pot [pɔ:t] горшок, live [liv] жить - leave [li:v] покидать, оставлять, sheep [ʃi:p] овца - ship [ʃip] корабль, dip [dip] погружать - deep [di:p] – глубокий, fool [fu:l] дурак - full [ful] целый, полный, fill [fil] заполнять – feel [fi:l] чувствовать, bit [bit] кусочек - beat [bi:t] бить.

Плохо усваиваются звуки, отсутствующие в русском языке (w, сочетания th, ng, ir, er, дифтонги и т. д.).

На лексическом уровне допускается типичная лексическая ошибка - неправильное сочетание слов. Например: «do» и «make» переводятся одним глаголом делать, но в английском существуют устойчивые сочетания, в которых употребляется только «do» или «make». Это: to make a mistake, to make a promise, to make a noise, to make an effort, to make a remark, to make a suggestion, to do business, to do the laundry, to do one's hair, to do the ironing.

В английском существуют отличия во внутренней семантической структуре сходных по значению слов. Например, допускается ошибка в речи студентов при употреблении глаголов «learn» и «teach». Они оба в русском языке могут быть представлены глаголом учить. Но в английском глагол «learn» означает изучать, а «teach» обучать.

Также при употреблении английских слов зачастую происходят искажения их значений. Причина данного явления - влияние аналогий в первом языке. Например: accurate – точный. Но его неправильно переводят как аккуратный. Следующее слово artist это художник, а не артист; biscuit – печенье, а не бисквит, medicine - лекарство, а не только медицина; marmalade – джем, а не мармелад; data - информация, данные, а не дата; argument - спор, а не только аргумент.

На грамматическом уровне также можно обнаружить явление интерференции. Например, большинство студентов часто используют форму Past Indefinite вместо Present Perfect, для выражения прошедшего времени, кроме того они избегают длительных форм Present Perfect Continuous.

Существует проблема использования артиклей, которые отсутствуют в грамматике русского и казахского языков.

Следующая ошибка – это механический перенос форм множественного числа существительных из первого во второй язык. Например: знания переводят как knowledges, советы как advices, сведения как informations, деньги как moneyare. Но в английском языке данные существительные используются только в форме единственного числа: advice (совет), information (сведения), knowledge (знание). А вот некоторые существительные в английском языке хоть и оканчиваются на –s, но, тем не менее, имеют форму единственного числа. Например: mathematics (математика), physics (физика), electronics (электроника), news (новости).

Все перечисленные выше особенности важно учитывать при обучении иностранному языку, чтобы добиться высокой степени аутентичности иноязычной речи студентов-билингвов без тех проблем, которые накладывает языковая интерференция. Решение этих проблем возможно при объединении разработок в области лингвистической теории и методики преподавания иностранного языка. Такой междисциплинарный подход позволяет создать благоприятные условия для формирования полиязычной языковой компетенции студентов.

Библиографический список

1. Буланкина Н.Е. Полиязыковское информационно-образовательное пространство. Методология. Проблемы. Технология / Н.Е. Буланкина // Новосибирск: СО РАН, 1999.
2. Назарбаев Н.А. - Послание Президента народу Казахстана // Новый Казахстан в новом мире.- Астана, 2007
3. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы.
4. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы.
5. Пумпянский А.Л. Перевод английской научной литературы. Лексика, Изд-во АН СССР, 1961. – 103 с.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ДИСФЕМИЗМДЕР

Ақдаулетова Ж. А.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Дисфемизмдердің көркем әдебиетте қолдануы бұл тек қана күнделікті сөйлеу тілінің көрінісі ғана емес, кейіпкерлердің мінездемесі, кейде өткір тілімен шындықты тура айтудың бір жолы іспетті. Көркем әдебиетте бүкіл халықтық қолданыстағы дисфемизмдер де молынан кездесетініне жазушыларымыздың әр түрлі тақырыпта жазылған шығармалары дәлел бола алады. Егер әр жазушының шығармасына кішігірім статистикалық анализ жасасақ, бір шығарманың өзінде бүкіл халықтық қолданыстағы дисфемизмдермен қатар жазушының өз ойынан тыннан пайда болған дисфемизмдердің кездесетіндігіне көз жеткіземіз. Белгілі жазушы Ғ.Ахмедовтің “Жем бойында” атты романынан мысалдар келтірсек.

– Мына **қатынның** басын шауып-ақ тастайтын-ай! –деп қонақдағанымен де, **шал** орнынан тұрған жоқ...

– Байлар **кәрі-құртаңдарын** “қыстан шыға алмайды” деп күзде сойып алушы еді ғой, сол сияқты, құдай-екең бір күні екеуімізді жинап әкетсе қайтесің?

– Не істе дейсің сонда маған? – **Шал** әлгісінен жуасып қалыпты...

– А? Не дейді мына **қатын!**

*Байеке, Гүбірлінің бағып едің **сарықтарын,***

Сарықтың да ішіндегі арықтарын.

Байеке, адам болсаң, енді болдың,

*Қу қасқа кедей едің, **жарық қарын.***

– Шыдамсыз **Жаманбай** өзіне бір іс тапсырылатынын қашан айтар екен деп қыпықтап, иесінің сүйек тастарын сезінген **иттей** жылмаңдап, соның аузына қарап қалған...

– Бізге **Дәулеттің қатын-баласы** емес, өзі керек қой. Ол **Дәуіттің қатын-баласымен** де, ана Алдашпен де сөйлесіп, оларды біздің айтқанымызға көндіруі керек...

– **Оттама**, сенің атың үшінші, менің атым келеді! Түрі әкесіне ұқсағанымен, әлі денесі толықпаған талдырмаш, сондықтан бойшаң көрінеді, еріннің үстінде мұрты **тайлақтың жүніндей** болып шыққан...

– Оның **бажбиган** жасыл көзінен шошынған **Мұхамбетжан**, ел жаздай жайлаған **Жемнің** бергі бетінде қала алмайтынын, қысы жұмсақ, малға жайлы құм ішіне көшетінін айтпа да жарамай, **Григорьевтің** ауызына қарап, оның алдында басын шұлғи берген еді. Бұл хабар **Мұхамбетжан** төреге де сол “**ұзынқұлақ**” арқылы жетті.

– Былай да оңбай жатқан елдің ішіне қаншама әскер шығып, **қан сасытып** жіберді...

– Қонақтар төрге шығып отырып аман-саулық сұрасқаннан кейін анықтап қараса, төртпақ мығым денелі, ұсқынсыз **қара-қожалақ** адам екен...

– Кескен **қара томар сияқтанған** түрі қандай жаман өзінің!–деп **иттей** жаратпай отырғанын жасырмады...

– **Әбілхайыр хан** орыстың **қатын патшасына** ант бергенде патша қазақтың жерін де, елін де тимеймін деген екен, оның бәрі бұл күнде жайына қалды...

– Әлдеқайда **ит жеккен Үркітке** барып тірілей **шірігенше**, сүйегім өз жерімде қалсын...

– **Сенің қай ойнасыңа** ат жеткіземін, – деп бір жанбастан қисая кетті.

Осы мысалдардан байқап отырғанымыздай, Ғ.Ахмедовтің бұл шығармасының тақырыбы мен жанрына қарай кейіпкерлердің сөз сапталуы арқылы дисфемизмдер өзгеше көрініс берген. Кейіпкер түріне лайық сөз қолдану мәнері, ұтымды әдіс-тәсілмен сөйлете отырып, дисфемизмдерді де кірістіріп суреткер шеберлігінің алуан қырын көрсетер тұсы деп білеміз. Кейіпкерлер тілі арқылы оның бейнесін даралаудағы шеберлік, Ахмедовтің романындағы толғауы тоқсан қызыл тіл көркемдігін көрсетер өзінше зергерлік әлемі болса, ол дисфемизмдермен ұштасып жатыр. Роман сюжетіндегі түрлі характерлер, олардың алуан түрлі көзқарастары, наным-сенімі, дүниетанымы автордың негізгі идеясына қызмет етіп, сол суреттеліп отырған дәуірдің шынайы келбетін танытуға үлкен септігін тигізеді. Романның сюжеттік-композициялық құрылымдағы ерекшеліктердің біріне әр қаһарман образының түрлі характер қақтығысында ашылатындығы жатады. Сонымен бірге сюжеттің көркемдік шешімінің нанымдылығы, психологиялық дәлелдемесі жеткілікті. Кейіпкерлердің ішкі дүниесіндегі дүниетанымындағы, көзқарастарындағы, психологиясындағы өзгерістер кей жағдайда дисфемизмдер арқылы беріледі.

Қаламгерлер шығармаларындағы дисфемизмдерді зерделей түссек, олардың көптігінен өзгеше әсер қалдыратын туындардың бірі – Ә.Асқаровтың “Ерте түскен бозқырау” повестер мен әңгімелер жинағы. Әсіресе, бұл туынды қаламгердің өз ойынан шығарған, яғни жеке қолданыстағы дисфемизмдерге байлығымен ерекшеленеді. Шығармадағы дисфемизмдерге көңіл бөлсек. Мысалы:

– *Мұны көргенде онсыз да қаяулы көңілі **қан жұтқандай** қабарған...*

– *Қарақшыны **қан тарттырып**, келтіре гөр алдыма...*

– *Мың жерден мықты аңшы болсақта, қолымызды **қанға батырып**көргеміз жоқ...*

– *Тағы нендей бәлені **бықсытып** отыр?*

– *Күркеуі бар да, жануары жоқ, бұл Қараман да сөзден тосылған **ынжықтың** біреуі болды-ау!*

– *“**Қатынның да зары өтіп**, жалғыздық әбден жүдетті-ау! – деп ойлады ішінен...*

– *Бұта қарағанға ілінсе болды – **пұшпақ жүндей** түтіліп қалғалы тұр...*

– *Күз де келді, мінеки, **борбайлатып**...*

– *“Қайдағы бір сұмырайға жаны ашып, **қимасын қышытқаны** несі екен!” – деп ойлады ішінен...*

– *Қалқыып қара көрсеткеніміз болмаса, күшеген жаман-жеутіксіз...*

– *Осындай **қысыр әңгімеге** бас қатырып, таңқалмай-ақ қойған жөн зой!*

– *Көңілі құлазып, **көкірегі қаңсыған қу кеуктей** дөңгірлеп бос қалыпты.*

Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, дисфемизмдер көркем шығармада жиі кездесе, сөйтіп, сөз байлығы сөйлем құрылымының әр алуан болып келуіне өз әсерін тигізсе, оқушысын қызықтыра түседі. Дисфемизмдер ауызекі сөйлеу тілінің көрінісі. Профессор Р.С.Әмір былай дейді: “Халықтың сөйлеу тілі әдеби тілдің қалыптасуының негізі болғаны сияқты, әдеби тілдегі көптеген нормалар ауызекі сөйлеу тілінен келген”[1, 7].

Көркем шығармада көбінесе айшықты сөздер көп болған сайын оның көркемдігі арта түседі деген жансақ пікір қалыптаспауы керек. Оқырманға бейнелік әсері айрықша болу үшін жазушы бастан-аяқ айшықты сөз қолданбай, дисфемизмдерді де шебер қатыстыра білген. Мысалы:

– *Қызылын кім білсін, ақ дегеннің сыңайы жаңағы болса, тезі қатты тентекке емес, **қан іздеген қанішерге** көбірек ұқсайды екен.*

– *Тәйт әрі!.. **Боқмұрын!** – деп, Қараман оның қолын қағып жіберді...*

– *Қаңғыған **қызыл ит!** – деді тісінің арасынан асылдап...*

– *Үрерге итің, сығарға битің жоқ сен де бір **тесік өкпе** емеспе ең?*

– *Есік алдына төселген көрпе үстінде **аузын буган өгіздей** теңкііп, үнсіз ойға батқан полковник оны елең де қылмады.*

– ***Кекіре тойған текедей** жігіттеріне әмір етіп, бақылдап жүр...*

– “Әлгі шолақ қол Миябай болса зой мынадай **көпірме сөзді** өзіне-өзі айтар еді” – деп бір ойлап қойды...

– Қолыңды желеу етіп, өтірік **сұңқылдама** қол түгілі талай боздақ жанын да садақалаған.

– **Қаңсып** келдім, шай қой де кемпіріңе!

Осысөйлемдер де дисфемизмдерді қатыстыра отырып, қаламгер суреттеліп отырған жайтты көз алдымызға нақты елестете алады. Осылайша болған оқиғаны көзбен көріп, қолмен ұстағандай асқан шеберлікпен береді. Осындай шеберлікке М.Серғалиев былай деп баға береді: “Көркем әдебиеттің басқа жанрларындай, прозада сөз қолдануға, шалқи сөйлеуге де, аз сөзбен көп мағына беру мақсатымен дәмді сөйлеуге де еркіндік мол екендігін ескерсек, мұндағы қолданыс кей ақындардың өлең ұйқасы үшін сөз тұлғаларын еріксіз тықпалауында емес автордың сарыла ойланып, санаға салуының, жаңалыққа құштарлығының жемісі деп білеміз” [2, 40].

Аса көрнекті жазушы Ғ. Мүсіреповтің “Ұлпан” романында дисфемизмдер ескі салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты шынайы суреттеу мақсатында барынша қолданылған. Мысалы:

– *Есеней бір қонақтап шығуға көңіл етіп келген екен, **кәрішойнақ** от басынан орын бермепті деген атаққа мен қалып жүрсем қалай болар?*

– *Жігіттер төрде отырған **дау шұбардың** Есеней би екенін енді біліп, майлы қасықпен төбеге ұрған мысықтай жым болды.*

– *Сәдірдің “**кебіс ауыз**”, “**қара жапалақ**” дегендерінде де мән бар... Бес байталдың құны бір сайқалда несі бар еді?*

– *Мендей **шалдардың** талайы-ақ **тоқал** алады.*

– *“Күйеужан”, “құда” деген сөздер Есенейдің бар күдігін бір-ақ сытырып тастағандай **кәрі бура** жадырап сала берді.*

Жоғарыдағы дисфемизмдер қазақ тіліндегі бірқатар сөздерге ирониялық мән беріліп, ауыспалы мағынаға өтуі арқылы жасалған. Сонымен қатар романда кейбір болған жайларды, құбылысты дисфемизмдер арқылы суреттеп қоймайды, кейде олардың қолданылуы айтушының мақсатына қарай түрлі семантикалық бағытта қолданылады. Мысалы:

– *“**Қатының** үйінен **буаз** келді ме?” деп сұрап қала жаздады.*

– *Шашуға таласқан жас балалар бәрі де қарны қампиган, **ши борбай, ірің көз, қотыр-шотыр** екен.*

– *Үйді **ыбырсытпай** қалған наныңды ала кет!*

– *Тірі Есенейде кеткен кегің енді өлі Есенейден алмақшы болғаны зой, **қанішер иттің!***

– *Торсан енді абайласа күш-күйеу деген екі сөздің астасар тұсына дейін нұққып-қалып **күшік-күйеу** деп тұр екен.*

– *Олай **былжырамай-ақ** қой!*

– *Ондай ой сен **көкмига** келмесе, өзге ешкімге де келген жоқ.*

Профессор Б.Кенжебаев: “Жазушының стилі, көркем шығарманың тілі көбінше оның негізгі материалына қарай болады, яғни олардың басты ұнамды кейіпкерлеріне, солардың заманына, саяси, шаруашылық, хал-жағдайына, қоғамдық-әлеуметтік қызметіне, тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, дүние, қоғам тануына байланысты қалыптасады”, – дейді [3, 137].

Дисфемизмдердің көркем әдебиетте, поэзияда қатар қолдануын қателік деуге, оны жазғыруға болмайды. Кейбір зерттеуші мамандардың пікірлеріне қарағанда: “Рас, көркем әдебиетте мұндай қарапайым сөздер қолданылу керек, бірақ авторлық ремаркадан гөрі кейіпкер тілінде, диалогтарда ортақ төл сөзде қолданылса ұтымдырақ болар еді” [4,79]. Қаламгер әрқашанда дисфемизмдердің жалпыхалықтық және жеке қолданыстағы түрлерін кезектестіре қолдана береді. Бірақ публицистикалық стильдерде дисфемизмдер қолданылмайды.

Тіл тәжірибесі келе-келе оларды реттеп, біржола көркем әдебиетке орнықтырып, кейбіреулерін әдеби нормаға өткізетіні сөзсіз. Бұл дөрекі ұғымдарды білдіретін дисфемизмдерді қолданыстан мүлдем шығарып тастау арқылы қалыптасады. Бұл іске халықтың саналы түрде араласуы қажет, бірақ негізінен мәселені тілді қолдану тәжірибесі шешеді деп білеміз.

“Дисфемизмдер көркем шығармада көбінесе ауызекі сөйлеу тілінің үлгісі ретінде кейіпкерлердің тілінде беріледі. Сол арқылы әр жазушы өзінің қаһармандарының мінез-құлқын, білім дәрежесін, іс-әрекетін, бір сөзбен айтқанда, нақтылы шынайы образын жасайды” [5, 234].

Жазушылар, ақындар, жалпы алғанда, қалам қайраткерлері халық шығармашылығынан нәр алып өзінің туындыларын байытып отырады. Олар сыпайы, әдепті сөздердің орнына тұрпайы, анайы сөздерді қолданудың неше алуанүлгісін жасап, өз шығармаларының көркемдік сапасын арттырады. Осы ретте ғалым С.Негимов: “Ақындар халықтың ғасырлар бойы жасаған рухани-мәдени байлықтарын ана сүтіндей бойларына сіңіріп жатулары тиіс. Олар эпос тілінің дархан шалқарлығын, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалған ділмар поэзияны символикалық белгілері, көркемдік, мәнерлегіш құрал-әдістемелердің алуан түрлі, сан қилы үлгілерін, қанатты, жатық тіркестерді меңгеруге, игеруге ұмтылады”, – дейді [6, 13]. Бұл көркем прозадағы жазушы тіліне де қатысты.

Жазушы, әдетте, сөздердің табиғи мүмкіндігін пайдаланумен қатар оларды ауыспалы, келтірінді мағынада пайдаланады. Көркем әдебиетке тән әр алуан көріктеу, шеберлік тәсілдері бар екені белгілі. Көрікті ойдың көркем суретін салуға жұмсалатын амал-әрекеттің әрқилы бедері, көркемдік кескіні, эстетикалық әсері болады. Бұлардың шегі жоқ. Қай тілде жазылған көркем әдебиет болсын, оның қаншама еңсесі биік, тарихы ұзақ болғанмен тілдің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдаланып, тауысуға біткен жері осы деп отыруға болмайды. Оларды әр жазушы өзінше, түрлі құрамда, әртүрлі ыңғайды, кейде бірін-бірі қайрап та қолдана береді. Соның ішінде тек дарынды ысылған, қаламы әбден төселген сөз шеберлігінің туындылары ғана өзінің сонылығы мен даралығын жоймайды. Әдетте, жеке жазушының тілі туралы әңгіме оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдерімен өзге де жеке тұлғалық ерекшеліктерін талдау болып келеді. Мысалы, жазушы Қ.Ысқақовтың «Қоңыр күз еді» деген повесінде мынандай сөйлемдер кездеседі:

*«Көк шолақтың оны сезер түрі жоқ, **тырқ-тырқ** еткізіп, бір екі тезек тастап алды да, көңірсітіп барып, көңілі енді көншігендей, орнынан азар қозғалды». «... ананы өйт, мынаны бұйт деп **құйрығына** жер иіскетпейді». «Оқимын десең тыныш жүр, артыңнан жел де шығармауға тырыс».* Осының бәрін түптеп келгенде, жазушының үлкен талғампаздығын, өз дүниесіне өзгенің көзімен қарап, тірнектеп жинаған дүниелеріне әлсін-әлсін қайта оралып отыратынын, өңдей түсуден ешқашан жалықпайтын сұңғыла суреткер екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, көркем әдебиеттегі дисфемизмдер жалпыхалықтық қолданыстағы дисфемизмдерден стильдік қызметі, қолданысы арқылы ерекшеленгенімен, олардың мағыналық жағында ортақтық бар. Ол жалпы дисфемизм сөздерге тән мағына, яғни сыпайыны дөрекі, жағымсыз тілмен сипаттау арқылы айқындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. - 79 б.
2. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1981. - 140 б.
3. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Санат, 1993. - 137 б.
4. Брагина А.А. Русское слова в языках мира. – М.: Наука, 1978. - 25 с.
5. Федоренко Л.П. Закономерности усвоения родной речи. – М.: Просвещение, 1984. - 223 с.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. - 290 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ДАМУ

Алтыбаева А. Б., Алтыбаева Р.Б.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет имени А.Байтұрсынова
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Қоғамдық өмірде көрініс тапқан сан-салалы сапалық өзгерістер, жаңарулар, жаңалыққа бетбұрыстар педагогтерді өз істеріне сын көзбен қарауға итермелеуде. Өйткені, оқушыларға берілетін білім де, тәрбие де, дүниеге көзқарас та мұғалімнің іс-әрекеті, беретін білімі мен үлгі-

өнегесі арқылы қалыптасады. Осындай жүгі ауыр, жауапкершілігі мол мәселелерді шешу педагог-мамандардың алдына зор міндеттер жүктейді.

Жеке тұлғаның қалыптасуына бірден-бір әсер ететін қоршаған ортасы. Кез-келген адам баласының дамуына, сана-сезімінің қалыптасуына әсер тигізетін өзі өмір сүріп отырған қоғамы. Қоғамның дамуы, ғылым мен техниканың өркендеп қанат жаюы жеке тұлғаның дамуына орасан зор әсер етеді.

Педагог дегеніміз кім? Әркім өз мұғалімдерін біледі, есінде сақтайды. Ең алғаш қолына қалам ұстатып, жазуды үйреткен адамды ешкім де ұмыта қоймайтын шығар. Оқушы өмірінде көптеген мұғалімдер кездеседі. Бірақ соның ішінде санаулылары ғана бала есінде қалады. Бұның себебі, баланың ойы мен жүрегіне жол тапқан, бас әріппен жазылатын ұстаздың аз болатынынан шығар [1.10].

Ахмет Байтұрсынұлы: "Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланы туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретінін білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болу керек,"- деп бала өміріндегі мұғалімнің рөлін айқын ашып айтады.

Қазақтың тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсарин "Хрестоматиясында" баланың жас ерекшелігі мен өзіндік ерекшеліктерімен санаса отырып: "Мұғалімнің жұмысы -балалар. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесу, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені ықыласпен түсінікті етіп түсіндіруі керек, мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді пайдаланбау керек,-"деген болатын. Ол бала тәрбиесінде педагогтің білімі, тіпті сөйлеген сөзінің ерекше мәнге ие болатынын айтып, білім беруде мұғалімнің әдіс-тәсілдермен жан-жақты қарулануын қалайды.

Нағыз педагог әруақытта балаларға жақын болады. Оның ұжымдағы беделі жоғары, балаларды қызықтыра біледі, оның сабағын балалар ерекше ықыласпен күтеді. Оның сабақтарында тамаша тәртіп болады. Тәртіп болу үшін қатал болу шарт па, біздіңше олай емес сияқты. Мәселен, қатал мұғалім кез-келген сыныпқа кіріп келіп, шулап жатқан балаларға "отырындар" деп талап етті дейік, бірақ сонда балалар тез орындарына отыра қоюы мүмкін бе? Бұлай болу сирек кездесетін шығар. Керісінше, мінезі жұмсақ, бірақ кәсіби шеберлігі жоғары мұғалім "Оспанов, орныңа отыр" деп бір ғана оқушыға ескерту айту арқылы, бүкіл сыныпты тыныштандыруы мүмкін. Бұл мұғалімнің шеберлігіне байланысты нәрсе.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасында: "Педагог кадрларды қазіргі заман талаптарына сай дайындау, әрі мамандығын үздіксіз жетілдіру - мұғалімнің мамандық шеберлігінің басты белгісі - оның психологиялық жоғарғы әзірлігі болып табылады,-" деп атап көрсетілген.

Мұғалім әрбір баланың өзіне ғана тән дара ерекшелігін білгенде ғана, жоғары нәтижеге қол жеткізуі мүмкін. Жоғары жетістікке жету үшін педагогикалық талант болуы қажет пе? Жалпы алғанда педагогикалық істе де басқа салалардағы сияқты талант сирек кездесетін нәрсе. Бірақ әр мұғалім өз ісінің шебері бола алады, болуы тиіс те.

А.С.Макаренко өз еңбегінде: "Мен еңбектендім, сондықтан шеберлікті меңгердім,-" деген болатын. Бірақ ол өзін ешуақытта талантты педагог деп есептемеген.

Балалар мұғалімнің әділдігін, ақылдылығын, білімділігін, уәдеге беріктігін бағалайды. Шебер мұғалім мұны әрқашан да жадында ұстайды. Шебер мұғалім алдындағы балаға өзінен кіші жай адам деп қарамай, өзіне тән мінез-құлқы, сана-сезімі, тілек-талаптары бар жеке тұлға ретінде қарайды.

Қазақ тілін саналы және сапалы меңгерту - жаңа технологияларды ұтымды қолданумен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта әдістеме ғылымы жаңару, даму үстінде. Өмірімізге жаңа технологиялар дендеп енуде. Білім беру жүйесінің мақсаты мен міндетіне қарай оқытудың проблемалап оқыту (М.И.Махмутов), программалап оқыту (Ю.А.Самарин., Т.А.Илина), саралап, жекелеп оқыту (М.Э Унтт.б.), дамыта оқыту (Ю.Б.Эльконин), ұжымдық оқыту

(В.К.Дьяченко), дистанциялық оқыту (Нұрғалиева Г.К. Жүсібалиева Д.М.) т.б тәрізді түрлері оқу процесінде қолданылып жүр.

Технология - шеберлік туралы ғылым деген ұғымды білдіретін грек сөзі. Педагогикалық технологияға әдіскер-ғалымдар мынадай анықтамалар береді: "Педагогикалық технология - оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен тәсілдерін айқындайтын педагогика-психологиялық нұсқаулардың жиынтығы, педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдістемелік аспабы (Б.Т.Лихачев)", "Оқу процесін іске асырудың мазмұндық техникасы, практика жүзінде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.П.Беспалько).т.б.[2.18].

Ғалым-әдіскерлердің берген анықтамаларына сүйене келгенде, жаңа технология дегеніміз педагогикалық шеберлікті жетілдірудің жолдары деген қорытынды жасауға болады. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде сипатталады.

Сабақ процесінде белгілі бір технологияны қолдану арқылы мұғалім жоғары нәтижеге жетуді мақсат етеді. Бұл мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлы: "Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру... Мектептің жаны — мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы,-"десе, Бауыржан Момышұлы: "Арпаласып жүріп алған абырой - өмірдің ең шырын рақаты,-" дейді.

Әрине, шеберлік бірден пайда болмайды. Ол жылдар өткеннен кейін үлкен ізденістер мен орасан еңбектің арқасында келеді. Педагогикалық шеберлік сан қырлы, әралуан. Оның күрделілігі мұғалімнің еңбек нысанасының өзіндік ерекшелігімен түсіндіріледі. Шебер мұғалім сабақ процесінде, сабақтан тыс уақытта да үнемі ізденіс үстінде жүреді. Осы ізденістің арқасында үлкен жетістіктерге жетеді.

Сабақ процесінде жаңа технологияларды қолдану арқылы да немесе қолданбай да жоғары нәтижеге қол жеткізуі мүмкін. Ол сабақ процесін дұрыс, жүйелі ұйымдастыра білуіне де байланысты. Мұғалім оқушының сабақтағы белсенділігін, сабаққа деген қызығушылығын әдіс-тәсілдерді ұтымды, орынды қолдана білу арқылы оятады. Сабақты бір сарынмен өтпей, өзгертіп отыру тағы да мұғалімнің шеберлігіне келіп тіреледі. Мұғалімнің шеберлігіне оның білімі, дағдысы, оқушымен қарым-қатынасы, бейімділігі, қабілеті, жүріс-тұрысы, киген киімі, сөйлеген сөзі де кіреді. Міне, осылардың бәрін бір басына жинақтай білген ұстаз белгілі бір жетістіктерге қол жеткізеді. Мұғалім бала жанын түсіне білу керек.

Балаларды түсіну дегеніміз - демек олардың позициясында тұру, олардың сезімін бағалап, қам-қарекеті мен ісін елеулі түрде қабылдау, олармен санасу деген сөз. Олардың қам-қаракеті мен істеріне немқұрайлы емес, ілтипатпен қарап, мүдделі, іскерлік көңіл бөлу керек [3.1].

Балаларды түсіну дегеніміз - оларға өктемдік көрсетпей, олардың бүгінгі тіршілігін тірек ете отырып, ертеңгі тіршілігінің өркенін жаю деген сөз. Баланың көңіл құбылысы мен жүрек тебіренісін, оның сезімі мен талпынысын түсіне отырып, әрі балалар өміріне өзінің ең жақын адамындай қоян-қолтық араласа отырып, педагог баянды тәрбиеге қол жеткізе алады. Балаларды түсіну дегеніміз - кішкентай адамды тәрбиелеудің тамаша шеберлігін игеру деген сөз.

Дебат технологиясы. Карл Поппердің дебат технологиясы тілдік тұлғаның дамуына көмектеседі. Бұл технология оқушының шығармашылық белсенділігін арттырады, сонымен бірге зерттеушілік, ізденушілік қасиеттері қалыптасады. Дебат технологиясына құрылған зерделік ойынға екі топ қатысады/бекітуші топ және даттаушы топ/. Әр топтың құрамы да шектеулі болады/3-5 оқушы/. Дебат техникасы белгілі бір уақытты мөлшерлейді. Пән бойынша сабақ немесе сыныптан тыс шара осы уақытқа сәйкестендіріледі. Ойын топтардың бағытын анықтау үшін жеребе тартудан басталады. Бағыттары анықталған соң әр топтың дайындығына 15 минут уақыт беріледі. Тақырып күрделі болса, мұғалім тақырыптарды алдын-ала беріп

қоюына болады. Бұл топ мүшелерінің көп материалдас жинауына, зерттеу жұмыстарын жүргізуге септігін тигізеді.

Әр топқа дауыс беру үшін сыныптағы балаларды да екі топқа бөлуге болады. Топ мүшелерінің өз бағытын қорғай алуын бақылау үшін бір оқушы бақылаушы болады. Әр топ басшысы өзін және топ мүшелерін таныстырғаннан кейін әр топқа өз бағыттарын қорғауға 5 минут уақыт беріледі. Қарама-қарсы сұрақтарға 3 минут беріледі. Бұған бүкіл сынып оқушылары қатысуға болады. Бұл кезеңнің мақсаты - оппоненттердің сөзіндегі түсініксіз жайттарды нақтылау, қарсы топты қандай да бір сұрақтармен бағытынан жаңылдыру, кейін талдау кезінде осыны пайдалану. Оппонент сөзінен, тілінен, пікірінен кемшілік табу. Топтарға қосымша дайындыққа 8 минут уақыт беріледі. Ең соңында бақылаушы екі топтың өз бағыттарын қалай қорғағандарына талдау жасайды. Жеңімпаз топ айқындалады.

Дебат технологиясын қолдану кезінде оқушылардың сөйлеу мәдениеті артады. Мұғалім бұған баса назар аударуы қажет. Мысалы, Нұрлан мырза, Айгүл ханым тәрізді тіркестерді қолдану, қарсы топтың пікірлерін байсалдылықпен тыңдау.

Дебат технологиясы баланың ойлау стилінің бес түрін де /синтезатор, идиалист, прагматик, аналитик, реалист/ дамытады. Сөйлесім әрекетінің түрлерін жетілдіреді. Жалпы мәдениеттен, пәннен терең білімділігін дамытады. Оқушы өзінің ойын жинақы түрде дәл, анық, түсінікті, дәлелді жеткізуге тырысады. Пәнге қызығушылығы мен ойлау қызметінің белсенділігі артады. Сыни тұрғыдан ойлау дағдысы қалыптасады. Тарихи құжаттармен, статистикалық мәліметтермен, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуге дағдыланады. Бірақ мұғалім кез-келген тақырыпты дебат технологиясы бойынша өткізуге болмайтынын ескергені жөн.

Компьютерлік технология. Қазақ тілі сабағында компьютерді пайдалану оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Нашар оқитын оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады. Тілдің салаларын өту кезінде бір жүйеге құрылған тапсырмаларды пайдалануға болады. Тест тапсырмаларын компьютер арқылы беріп, білімдерін тексеруге болады. Компьютер оқушының ақыл-ойын дамытумен бірге, өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады.

Топтастыру технологиясы. Әдіскер В.К.Дьяченконың пікірінше, топтастыра оқыту оқыту тәсіліне қатысты. Бұл технология өз ішінен сыныптық сабақ ұйымы, лекция-семинарлық жүйе, белл-ланкастерлік жүйе, зертханалық-топталған әдіс, сызба әдісі, трамп әдісі болып сараланады.

Белл-ланкастерлік жүйе бойынша үлкен жастағы балалар бірінші мұғалімнің басшылығымен өз беттерінше тапсырмаларды орындайды. Содан соң жақсы нәтиже алған оқушылар нашар меңгерген оқушыларға үйретеді.

Трамп жүйесін пайдаланған кезде мұғалім оқулықтағы тапсырмаларды орындау үшін сыныпты топтарға бөледі. Әр топтың басшысы сайланады. Әр топ өздеріне бөлінген тапсырмаларды орындайды. Топ мүшелерінің тапсырманы орындауға қатысқандары сараланады.

Ұжымдық оқыту технологиясы. Бұл технологияның негізгі әдісі - тапсырмамен алмасу. Ең бірінші алты-жеті адамнан тұратын топ құрылады. Мұғалім әр топқа дайындаған тапсырмаларын таратады. Әр топ мүшесіне жеке-жеке тапсырмалар беріледі. Оқушылар бір-бірімен тапсырма алмасады. Сонда әр топтағы оқушы алты-жеті тапсырма орындайды. Тапсырмаларды орындап болған соң топ ішінде талқылайды. Тапсырмаларды келесі топқа беріп, олардың тапсырмасын алады. Мысалы, бір сыныпта 15 оқушы бар делік. Осы он бес оқушыны мұғалім үш топқа бөлуіне болады. Сабақ соңында бұл технология бойынша әр оқушы он бес тапсырманы орындаған болып шығады. Мұғалім бақылау ұмыстарын сынақ немесе тест түрінде қабылдайды.

Дамыта оқыту технологиясы. Бұл технологияда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда болады. Ол үшін оқушы осы уақытқа дейін өзінің алған білімінің жеткіліксіз екендігін сезінетіндей болуы қажет. Содан барып оның білім алуға деген ынтасы мен қызығушылығы артады. Сабақ оқу мақсатының қойылуы, оны шешудің жолдарын бірлестіре қарастыру, шешімнің дұрыстығын дәлелдеу тәрізді бөліктерден тұрады. Оқушы

теориялық материалды жалаң, жаттанды түрде емес, қарапайым бақылаулар жасау, зерттеулер жүргізу арқылы меңгеруі керек. Дамыта оқытуда қойылатын сұрақтар ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей проблемалы сұрақтар болуы қажет. Дамыта оқытуда сабақта жаңа материалды талдауға көп көңіл бөлінеді. Талдау ізденістен тұрады. Талдау жасау барысында мұғалім баланың ой-пікірін бақылауға мүмкіндік алады. Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім оқушыларды "жақсы оқитындар", "жаман оқитындар" деп бөлмей, барлық балардың дамуы үшін жағдай туғызуды мақсат етіп қояды. Мұғалім мен оқушы арасындағы катынас ынтымақтастыққа, өзара сыйластыққа негізделеді.

Қорыта келгенде, жаңа педагогикалық технология ұғымы тың, белгісіз, жаңа оқыту амалдары, іс-әрекеттерінен ізденуді, яғни, білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізуі, жаңа ізденістерін оңтайлы пайдалану, сол арқылы жоғары көрсеткіштерге жеткізу деген сөз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Адамбаева Ж “ Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту”, А-1984 ж.
2. Маманов Ы. “Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту” А-77.
3. Н. Оралбаева, Қ Жақсылықова “Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі” А-96ж
4. “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналы.
5. Журналдар: «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Әдіскер - методист», «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде», «Ана тілі», «Қазақстан мектебі», «Қазақ тілі мен әдебиеті қазақ мектебінде», «Филолог».

О СПЕЦИФИКЕ И СОДЕРЖАНИИ ПОДГОТОВКИ ПЕРЕВОДЧИКОВ В ВУЗЕ

Алпыспаева З. Т.

А. Байтурсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова
Kostanay State University named after A.Baitursynov

В условиях глобализации особую значимость приобретает перевод как средство межкультурного взаимодействия, инструмент расширения информационного поля общества, создания фонда мировой культуры и науки. Понимание перевода как двуязычной поликультурной деятельности выдвигает перед современной высшей школой ответственную задачу – подготовить специалистов, способных активно включиться в качественно новый этап развития современного общества, на высоком уровне осуществлять профессиональную деятельность, быть востребованными и конкурентноспособными. Реализация данной задачи напрямую зависит от формирования профессиональной компетентности будущего переводчика, его особых профессиональных навыков и умений. С точки зрения деятельностного подхода профессиональная компетентность трактуется как «способность субъекта к актуальному выполнению деятельности», т.е. основополагающим компонентом компетентности является операционно-деятельностный. Р.К. Миньяр-Белоручев выделяет следующие компетенции, составляющие профессиональные качества переводчика. Это языковая компетенция (знание лексики и грамматики), речевая компетенция (умение использовать накопленные языковые навыки в речи), социокультурная компетенция (знание специфики культуры конкретной страны [1, с. 42]. Латышев Л.К. определяет переводческую компетенцию как совокупность знаний, умений и навыков, позволяющих переводчику успешно решать свои профессиональные задачи, и включает в неё базовые, а также частично, специфические и специальные составляющие [2, с. 9]. К базовым составляющим переводческой компетенции относятся знания, умения и навыки, в той или иной мере необходимые переводчику во всех видах перевода (будь то перевод письменный, или устный в одной из своих разновидностей) и независимо от жанра переводимого текста (будь то научно-технический, деловой, газетно-публицистический или иной текст). К специфическим составляющим переводческой компетенции относятся знания, умения и навыки, необходимые в каком-то одном или в нескольких родственных видах

Успех учебного процесса в обучении русскому языку как иностранному зависит от того, как учитель выполняет требования, которые отвечают: наличию взаимодействия между возрастными особенностями и особенностями этапа обучения (начальный, средний, продвинутый этапы); дифференцированному воздействию этих особенностей на каждого учащегося с учетом соответствующих индивидуальных факторов; требуемому развитию особенностей в соответствии с поставленными целями школьного курса по русскому языку; [7,24]. Вековые особенности оказывают значительное влияние на весь учебный процесс. Сюда можем отнести: мотивация детей к обучению русскому языку, как второму иностранному в школе; готовность учащихся изучать русский язык как средство общения; потребность учащихся пользоваться русским языком как средством общения; интерес учащихся: как можно больше узнать о культуре русского народа; способность студентов имитировать звуки, произношение, мелодику русского языка; уровень развития памяти и т. д. Все эти особенности имеют большое влияние на эффективность обучения русского языка, и, конечно же, учитываются при выборе методов обучения иностранного языка в школе, при индивидуальном обучении и в бизнес-курсах.. Эффективность использования разных методов обучения во многом зависит от детальной его проработки для определенного этапа обучения, исследования целого комплекса задач, связанных с уровнем обученности, стандартом образования по иностранным языкам. Эффективность использования того или иного метода в учебно-воспитательном процессе напрямую зависит от грамотного, т.е. методически обоснованного его использования.

Библиографический список

1. Послание Президента Республики Казахстан Стратегия «Казахстан - 2050»
2. Артёмов В. А.: Психология обучения иностранным языкам. Москва: Просвещение, 1969.
3. Бабинский Ю. К.: Педагогика. Москва: Просвещение, 1983.
4. Беляев Б. В.: Очерки по психологии обучения иностранным языкам. Москва: изд-2, 1965, стр. 79.
5. Бим И. Л.: Методика обучения иностранным языкам как наука и проблема школьного учебника. Москва, 1977 Бим И. Л.: Обучение иностранным языкам : поиск новых путей // Иностранные языки в школе. №1, 1989.
6. Вайсбурд М. Л.: Методы обучения. Выбор за вами.// Иностранные языки в школе. № 2, 2002, стр. 30.
7. Кабардов М. К.: Роль индивидуальных различий в успешности овладения иностранным языком. Москва, 1983.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА

Мукатова Б.К.

*Павлодар облысы «Екібастұз қаласы әкімдігінің №7 мектеп-гимназиясы» ММ
Павлодарская область ГУ «Школа – гимназия №7 акимата города Екибастуз»
In Pavlodar oblast the state institution «School-gymnasium №7 akimat of Ekibastuz city»*

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізілуде.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы- заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Оқу бағдарламасының мақсаттарының бірі және бірегейі – жеке тұлғаны әлеуметтендіру, яғни түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу[1, с.37].

Бағдарламадағы пәнаралық байланысты дамытады, қазақ тілі арқылы басқа пәндердің мазмұнын меңгертеді. Көрсетілген әдіс-тәсілдер тіл мен мазмұнды меңгертуді қатар дамытады.

«Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің». Бүгін адам білімсіз өмірде алысқа бармайды. Сол себепті білімнің мектеп кезінен сапалы берілуі ұлт деңгейіндегі аса маңызды мәселенің бірі. Ұлы ұстаз Ян Амос Коменский айтпақшы білім беруде баланың үш – «тыңдау», «көру» және «сөйлеу» қабілетін дамыту, болашақта баланы позитивті нәтижелерге жеткізеді.

Бізге үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Қазіргі заманғы мұғалімдер информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керек. Оқушыны субъект

ретінде қарастырып,оның өзін-өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру, білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау-бүгінгі таңдағы мұғалімінің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті.

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған мұғалім болу - уақыт талабы. «Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», - деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Сапалы білім — ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар [2, с.45]. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз.

Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Қазіргі таңда мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеріп, іс-тәжірибесінде үнемі қолдану.

Қазақстан білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, басқа да көптеген қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыруына әсерін тигізеді. Адам баласының бес саусағы бірдей болмайтыны сияқты оқшыларда бір-біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын, кішкене болса да өзіндік ерекшелігі бар адамдар. Олардың ішінде ең үздігі де, ең нашары да,тентегі де, біліп тұрса да аузын ашпайтыны да , қанша сүйресең алға баспайтыны да болады. Бірақ ұстаз барлығын да жақсы көріп, білім нәрімен сусындатуы тиіс. Оқушыларға зерттеу жүргізгенде жоғары сынып оқушыларында нақты білім бар екендігі, бірақ олар өз ойларын жеткізуге қиналатыны анықталды. Сондықтан да бастауыш сынып кезеңінен бастап баланың тілін дамыту жұмыстарына көп көңіл бөліну керектігі көрінді. Осы жағдайда тиімді технологиялардың бірі- «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз педагогтің бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі [2, с.46]. Нәтижесінде неғұрлым дамыған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады. Бұл технологияның мақсаты сынауға емес шындалған ойлауға үйрету. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Ситл,Куртис С.Мередит, Чарльз Темпл. Жоба негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің бірін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.Жоба әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың терең де еркін ойлауына, үздіксіз еңбектене білуіне жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырған кезде нәтижесіжоғары болған. Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық.- Алматы, 2010.- 256 б.
2. «Педагогикалық диалог» ақпараттық- әдістемелік журнал.- 2007.- 225 б.

СӘБИТ МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ»

Мукашева Р. А.

А. Байтурсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Тіл біліміндегі танымдық бағыттың негізгі когнитивті бірліктерінің – концепт екендігі белгілі. Бұл ұғым туралы зерттеулер 20 ғасырдан басталады. Л.Витгенштейн, Г.Х.фон Вригт, М.Хайдегер, Г.Грамммер, М.Бубер, т.б. философтар бастаған концептуалды сараптама қазіргі заман ізденістерінде өзіндік орын алды. Тіл білімінде пікірталас туындатқан «концепт» термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындайды.

Лингвомәдениеттануда «концепт» жалпы белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп танылады. С.Г.Воркачевтың пікірі бойынша «мәдени концепт- тілдік бейнесі және этномәдени ерекшелігі бар ұжымдық білім/ сананың бірлігі» [1,48]. Концептің орыс мәдениетіне қатысты Ю.С.Степановтың «орыстардың және орыс қоғамының рухани өмірінің ұжымдық қазынасы» [2,57] деген анықтамасын басқа мәдениеттер контексті негізінде де қолдануға әбден болады. Концептке қатысты алғашқы еңбектерде ол адамның мәдени, рухани танымын білдіруде маңызды роль атқарған. А.Вежицкая концепт идеалды дүниенің объектісі, ол субъектінің дүние туралы танымынан көрінеді дейді. Ғалым: «Языковая концептуализация различна в разных культурах... Язык отражает происходящее в сознании, а не в мозгу, наше же сознание формируется, в частности, и под воздействием окружающей нас культуры. Концептуальные универсалии действительно существуют, но я думаю, что они могут быть обнаружены только путем концептуального анализа, основанного на данных многих языков мира...», -деп жазған [3,23]. *Мәдениетконцепт*- абстракт ұғымдағы аталым. Бұл ұғымдарда мәдени ақпараттар ойдеректік мазмұн өзегіне бекітіледі. Концептің басты белгілерінің бірі- оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Сонымен, концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым.

Мәдени концептілердің ұлттық үлгілеріне тән ортақ және ерекше белгілерін айқындау үшін олардың тілдік көрінісін, қандай да болмасын ұғымды білдіретін сөздің этимологиясы, синонимиясы мен антономиясы, тіркесу, контекстік қолдануы, семантикалық аялары, ассоциациясы, модустік бағалануы, фразеология және тілдік шаблондар құрамында берілуі- бұның барлығы әрбір ұғымды білдіретін басты концептілердің өзіндік «тілін», оларды қайта өңдеуге, адам санасындағы алатын орнын айқындауға бағытталған. Мұндағы ойдерек сөздің ұғымдық мазмұнына қатысты қарастырылып, ол субъектінің таным-түсінігі арқылы беріледі. Сөздің негізгі өзегі болар затдерек ойдеректің құрамына енеді. Мысалы «сүйінші» - белгілі бір қуанышты жағдайды хабарлаушыға берілетін сый-кәде; «сыңсу»- ұзатылатын қыздың туған-туыс, елімен қоштасар кезде әндетіп айтатын жыры, яғни атаулардың ойдеректік мағынасы алдымен затдеректік мағынадан бастау алып, жеке белгі ретінде көрінеді.

Тіл – субъектінің ең басты конститутивті белгісі. Адамның ақыл-ойы, танымы тілден тысқары тұрмайды. Сондықтан да зерттеушілердің назары соңғы кезде әлемдік лингвистикада субъектіге қарай ойысты.

Концепт термині қолданысқа енуімен байланысты тіл ғылымында оның ұғымнан, мағынадан айырмашылықтары туралы мәселе қарастырыла бастады. Бұл мәселеде кейбір ғалымдар концепт пен ұғым терминдері ұқсас деп тауып, олардың бірін ғана қолдануды ұсынса, енді бір ғалымдар бұл терминдердің екеуінің де қолданылу аясы бар деп, оларды ажыратып көрсетеді. Концептіге берілген «санада қалыптасқан логикалық болмыс», «бейнелер жиынтығы», «ақиқат дүниенің мәдени бейнесі» т.б анықтамалардан байқағанымыздай, оны әр түрлі аспектіден қарастыруға болатындығы байқалады. Сонымен қатар концептілер өз ішінде

санада танылу деңгейіне қарай жіктеледі. Айталық, өмір, өлім концептілері метафизикалық концептіге жатса, қуаныш, қайғы, бақыт концептілері эмоциялық концептіге жатады.

Көркем шығармада автор өзінің өмірге көзқарасын, ой-пікірін, ақиқат дүниеге қатынасын білдіріп отырады. Адамның ақиқат дүниеге қатынасы тілдік құралдар арқылы беріліп, соның негізінде ақпарат жүйесі қалыптасады. Бұл ғалам бейнесін бейнелейтін ақпарат жүйесі автордың ғалам туралы концептуалды тұжырымдамаларынан көрінеді. Демек, көркем шығармаға концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білімді анықтау үшін қажет. Кез келген көркем шығарманы тек лингвостилистикалық талдаумен, яғни шығарманың көркемдік ерекшелігін талдаумен шектеуге болмайды. Мұндайда автор шеберлігі, оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқын көрінбейді. Осы ретте концептілік талдау автордың ақиқат дүниеге қатынасын айқындап, көркем шығарманы талдаудың екінші бір қырын ашатын бірден бір тілдік құрал ретінде қызмет етеді. Автор ақиқат дүниеге көзқарасын білдіру арқылы сол дүние туралы білім қалыптастырады. Мұны ғаламның тілдік бейнесі дейміз.

Ғалам бейнесінің вербалды сипатын ашуда «концепт» ұғымының маңызы ерекше. Концепт тілдің болмысын анықтайтын табиғат пен қоғамдағы құбылыстардың нақты көрінісі.

Концепт сөзіне сөздіктерде мынадай анықтамалар берілген: Л.Л.Нелюбиннің «Толковый переводческий словарь» еңбегінде концепт – ұғым мазмұны; ой, түсінік» делінсе, «Латын-орыс сөздігінде 1) байланыс, жиынтық, жүйе; 2) қойма; 3) заң актілерін тұжырымдау; 4) ұрық қабылдау; 5) сөйлем деп жазылған. Концепт ұғымына М.Күштаева кеңінен тоқталады. Логикада концепт «ұғым, түсінік» мәнінде түсініледі. Д.С.Лихачев пен В.В.Колесов еңбектерінде концепт сөз бен олардың мағынасын дәнекерлеуші ретінде беріледі.

Көркем шығармаға концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білім қалыптастыру мақсатында жасалады. В.И.Постовалова «концептілік талдаудың мақсаты – бір ғана таңбаның аясында жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымындағы сол таңбаның болмыс-бітімін анықтау» деп түсіндіреді [4, 80].

Қазақ тіл білімінде концепт теориясы лингвистикалық тұрғыдан Н.Уәлиев, Қ.Жаманбаева, С.Сәтенова, Г.Смағұлова, Б.Ақбердиева, М.Күштаева, Ш.Елемесова, С.Жапақов т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Көркем шығармадан концептілерді табу кезінде концептілік өріс түзіледі. Ол жеке сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, сөйлем, тұтас мәтін түрінде болады. Бұл ұғым туралы аталған тілдік құралдар жиынтығы концептілік өрістің негізін құрайды.

С.Мұқанов романдарының концептілік жүйесін анықтағанда, олардың мынадай концептілерден тұратындығын анықтадық. Олар: «дүние», «өмір», «қорқыныш», «жетімдік», «әке», «бақыт», «оқу, ғылым», «махаббат», «сұлулық», «достық», «дала» т.б.

С.Мұқанов романдарында ғалам бейнесін суреттейтін, яғни ғалам туралы жазушының ой-толғанысын бейнелейтін константалар мынадай концептілер арқылы көрінеді: *дүние, өмір, қорқыныш, жетімдік*. Себебі бұл концептілер жазушы романдарының өн бойында түрлі баяндау формалары арқылы көрініс тауып отырады.

Қандай да бір поэтикалық шығармаға концептілік талдау жасағанда, ең алдымен адамзатқа ортақ «дүние» концептісі тұрғысынан қарастырылады. Дүние – өмір, заман, уақыт, тағдыр, ғұмыр, тіршілік сөздерімен қатар ортақ бір лексика-семантикалық топқа жатады.

«Дүние» лексикасы : *қара дүние, жолшыбайғы дүние, өзге дүние, о дүние, ескі дүние, бұ дүние, ұқпайтын дүние, бүкіл дүние, айналамдағы дүние, бүкіл дүние мелішіп маған жсауап қатпайды, дүниенің еркесі, «иттің құлы итақайға» үлестіріп жатқан дүние, дүние жинауға салақ , оның дүниесі өліп пе* деген тіркестермен берілген.

Жер де, көк те түп-тұнық, қап-қара... Жерде, көк те от сасиды... Осы *қара дүниенің* ортасында, менің тетелес екі апам Ұлтуған мен Бағила және шешем үшеуі біріне бірі тығыла зар қағып жылап тұр!(5,19-б).

Өрт кете барды. Ол, әрине, *жолшыбайғы дүниені* жалп барады. *Өзгедүниенің* бәрі өртелсе де, Мұқан және соның қасындағы өзге жалшылар «ләм-мем» демес еді, егер Күрілдекке деп шауып жатқан жүздіктері аман қалса!.(5,19-б).

Бұ дүниеден рахат көрмеген бейшаралар, алла қабыл қылса, о дүниеден рахат көреді (5,53-б). Мен бұл сұрауды бүкіл айналамдағы дүниеге: ауылға, оның адамдарына, далаға, жерге, көкке... қысқасы, бүкіл дүниеге қойғандай жан- жағыма жаутандай берем. Дүнияда Ұлтуған атты кісі жоқтай бүкіл дүние мелишипмаған жауап қатпайды!

Бәрібір *«иттің құлы итақайға» үлестіріп жатқан дүние, сен оны намыс көрме, мен борыш көрмеймін, биыл қыс мылтықтың қарауылына, бүркіттің тұяғына іліккен олжаға екеуіміз ортақ болайық.(5,26-б).*

Адам деген бір керемет емес пе! Егер тырысса, оның *ұқпайтын дүниесі бар ма!(5,67-б).* О, не дегенің хажы, Мұқан өлгенмен, *оның дүниесі өліп пе?(5,116-б).*

Демек, автор «өмір» концептісін ашуда жеке дара емес, лексика- семантикалық топтағы басқа құраушы лексикаларды қамтып отырған.

«Қорқыныш» концептісі: не деген қорқыныш, өліктен қорқатындығым сондай, менің алдыма басқа бір қорқыныш төнді, етім өлгендей

Не деген қорқыныш бұл!.. «Қорыққанға қос көрінеді» дегендей, денемді қауіп кеулегеннен кейін, маған азынаған жел қасқырдың ұлуы сияқтанып кетті...(5,101-б).

Енді менің алдыма басқа *бір қорқыныш кеп* төнді, ол- киімімнің жұқалығы(5,101-б).

Өліктен қорқатындығым сондай: қасымда кісі болмаса, түнде түгіл күндіз де зиратқа келмейтінмін... Содан ғой деймін, желдің ендігі ызыңы қасқырдың емес, аруақтардың күңіренуі сияқты болып естіледі!(5,101-б).

Аздан кейін айнала төнген қауіптердің бәріне *етім өлгендей*, денем үйрене бастады...(6,101-б).

«Өмір» концептісі: түйме өмір, ойналып жатқан өмір емес, шын жүріп жатқан өмір, шындық өмірдің елесі, шын өмірдің дәл өзі, дәл өмір, өмірмен біржолға қоштасты, өмірінің бәрін жоқшылықпен өткізген, сол дәуірдің басынан кешкен өмірін тану.

Ондай *түйме өмірімде* қолыма түспеген мен Кәтішке берсем, қайтармайтындай көріп, қашқалақтап ем, Кәтіш маған күлімсірей қарап аз отырды да:

-Ән үйренгің келе ме, әй бала?- деді.(5,178-б).

Үздіксіз күңіренудің салдарынан ба, әлде басқа бір дерт шалды ма, әкем өлгеннен бастап жүдеген шешем, келер көктемге дейін міндетін кісіге артты да, дәл әкем қайтыс болған кезде *өмірмен біржолға қоштасты.(5,48-б).*

Өмірінің бәрін жоқшылықпен өткізген, елуден асқан жасының тең жарасын төсек тартқан сырқатпен өткізген, оның кескін-кейпінде де, мінезінде де сол бейнеттердің ызғары тұрады(5,52-б).

Музейлерде біз ескі дүниенің заттарын таңсық қана көріп емес, *сол дәуірдің басынан кешкен өмірін тану* үшін де қарамаймыз ба?(6,65-б).

С.Мұқанов романдарында жоғарыда талданған концептілерден басқа да ұғымдық жиынтық құрайтын тілдік құралдар бар. Мәселен, сезім, махаббат, оқу-білім, сұлулық, дала, аяушылық ұғымдары концептілік жүйе құрай алады. Сонымен, С.Мұқанов шығармалары концептілік жүйеге құрылған, автордың дүниетанымдық көзқарасы айқын берілген, өзіне тән сөз қолданыстарымен ерекшеленетін көркем туындылар болып табылады. С.Мұқановты тілдік тұлға ретінде танытатын және тілдік тұлғаның қозғаушы күш екендігін айғақтайтын сала – оның публицистикасы мен көркемсөзі, мақалалары. С.Мұқановтың шығармаларындағы басты ерекшелік ретінде ХХ ғасыр басында пайда болған ағартушылық ниеттен туған жаңа мәдени концептілер жүйесінің, тілдік тұлғасының мынадай концептілік құрылымдары анықталды: «ұлтжандылық»; «ислам діні»; «әйел теңдігі»; «оқу-білім»; «надандық»; «ғылым»; «өнер»; «қазақ тілі». С.Мұқанов шығармаларын лингвомәдени танымдық аспектіде зерттеу ұлттың дүниетанымынан, психологиясынан, тарихынан хабардар етер лингвомәдени бірліктердің мәнін ашу арқылы жүзеге асады. Осымен байланысты көркем шығармаларындағы, ағартушылық еңбектеріндегі заттық, рухани мәдениет атауларын білдіретін лингвомәдени бірліктердің ағартушы бойындағы ұлттық таным деңгейін көрсетудегі маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Воркачев С.Г. Концепт «счастья»: понятийный и образный компоненты // Изв.РАН, серия лит.и языка, 2001, Т.60,№3, С. 47-58.
2. Степанов Ю.С. Константы русской культуры. М.,-Л., 1962, 216 с.
3. Вежбицкая Язык.Культура. Познание.Москва,1996.
4. Постовалова В.И. Судьба как ключевое слово культуры и его толкование А.Ф.Лосевым// Понятие судьбы .207-215 с.
5. Мұқанов С. Он алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1976. 9-том.«Өмір мектебі» .- 486 б
6. Мұқанов С. Төрт бөлімді роман. – Алматы: Жазушы, 1972. «Мөлдір махаббат».- 544 б.

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Мұханбетжанова А. Р.

А. Байтурсинов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсинова
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Оқыту — өте күрделі психикалық үрдіс, қатысушылар білімді біліктілік пен дағдыға айналдыру негізінде әртүрлі білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштеріне ие болады. Оқу үлгеріміндегі жетістіктер мен қиындықтар жеке тұлғаның қызығушылығы мен табандылығының нәтижесінде студенттің біліктілігі мен қабілеттілігін айқындайды. Сонда да бірінші орынға өз мамандығын саналы түрде тандап осыған бар білік қабілетін арнаған студент шығады. Білімді тәжірибемен ұштастыру үшін студент белсенді, білікті қатысуы, білімді игеруі қажет. Егер білім мен түсінікті сұрақтарды шешуге қолдануды үйренбесек, практикалық нәтиже шығаруға және одан тәжірибе алуға тырыспасақ олар керексіз болып қалады. Сол себепті теориялық білім алуға кеткен әрбір сағаттан, оны қорытындылауға, ой түйіндеуге одан да ұзақ уақыт бөлінеді, ал практикада оны орындай білу қажет [1] . Әр алған білімді тәжірибе жүзінде іске асыру үшін оны меңгере білу керек, білімді меңгерту үшін педагогикада әр түрлі технологияларды пайдалана білу қажет. Мақалада ғалымдардың ұсынған педагогикалық технологияларын жүйеледік.

Тұлғалық бағдарлы оқыту технологиялары туралы ғалым И.С.Якиманская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың негізгі ережелерін төмендегідей тұжырымдайды:

- басты мақсаты – білім алушы тұлғасының жеке қабілеттері мен қасиеттерін дамыту;
- білім беру жүйесі басынан-ақ оқушыдан бастап оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына, мазмұны мен технологияларына қарай бағыттала құрылуы тиіс;
- білім алушы дамуын диагностикалау мен ынталандыруды мұғалім олардың қызметін ұзақ уақыт бойына байқау әдістері негізінде іске асыруы тиіс.И.С.Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру процесінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты – әрбір баланың мүмкіндіктерін танып, дамыту. "Жеке тұлғалық тәсіл жағдайында балалардың өзіндік жеке ерекшеліктерінің болуы қойылған мақсатқа жетудің-яғни, қайталанбас жеке тұлға ретінде әрбір оқушының дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты".Е.В.Бондоревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар: аксеологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық. Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір баланың жекелеген дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді.Г.К.Селевко мұндай технологияның ең негізгі құндылығы-оқушы жеке тұлға, ал негізгі мақсаты табиғи қабілеттеріне сәйкес тұлғаны дамыту және қалыптастыру деп атап көрсетеді.Ғалымдардың ойынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту материалды шығармашылықпен меңгеру аясын

кеңейтеді және жеке тұлғаға бағдарланған оқыту мұғалімнен төмендегідей іс-әрекетті талап етеді: 1) өз оқушыларының темпераменті, мінезі-құлқы, көзқарасы, талғамы мен әдеп-дағдыларының жеке ерекшеліктерін үнемі зерделеп, жақсы білуі; 2) жеке тұлғаның ойлау ерекшелігі, қызығушылығы, мүддесі, ұстанымы, бағытталуы, өмірге, еңбекке көзқарасы, құндылық бағыттары, өмірлік жоспары және т.б. сияқты аса маңызды тұлғалық қасиеттерінің нақты қалыптасу деңгейін қадағалап, білуі; 3) әрбір оқушыны өз шамасына сай және біртіндеп күрделене беретін әрі жеке тұлға дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелік әрекетке үнемі тартып отыруы; 4) мақсатқа жетуге кедергі келтіретін себептерді уақытылы айқындап, жойып отыруы, ал егер мұны уақтылы істей алмаса, жаңа жағдайларға сай тәрбие тактикасын жедел түрде өзгертуі; 5) жеке тұлғаның өз белсенділігіне неғұрлым көбірек сүйенуі; 6) тәрбие ісін жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуімен ұштастырып, өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын, әдістерін, формаларын таңдауға көмек беруі; 7) оқушылардың дербес әрекетін, бастамашылдығын, әрекетшілдігін дамытып, басқаруы емес, табысқа жетелейтін қызметті ұйымдастырып, бағыттауы тиіс.

Ендеше, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту дегеніміз-тек оқушыларды бір-бірінен айрықшалайтын жеке ерекшеліктерін есепке алу ғана емес, бұл-ең алдымен, оқушыға жеке тұлға ретінде, бірлескен қызметтің саналы әрі жауапты субъектісі ретінде қарау[2].

Педагогикалық технология – педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен педагогикалық процесс белгілі жүйе принциптерінде құрылатын болғандықтан, педагогикалық технология сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Осы принциптерді жалғастырмалы орындау олардың объективті қарым-қатынасында және педагогтің тұлғасын толық көрсететін жинағы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Міне, осындай педагогикалық технологияның оқыту әдістемесі және тәрбиелеу жұмысынан айырмашылығы байқалады. Егер “әдістеме” ұғымы, оларды орындауға қатысты емес оқытудың әдістері және тәсілінің жиынтығын қолдану көпкейіпкерлік белгілерінде жинақтауын анықтайды. Осыдан келіп, яғни кез-келген педагогикалық тапсырма тек қана белгілі жетілдірілген педагог маманның іс-әрекеті мен негізгі технологиялардың көмегімен тиімді шешіледі. Н.Е. Щуркова бұл жағдайда педагогикалық технология тек қана тәрбиелік жұмысқа қатысты болады және өзімен қолданбалы педагогикалық еңбекті анықтайды. Педагогикалық технология бұл көзқарастан – бұл табиғи және тепе-тең педагогтің іс-әрекеті, жетіліп келе жатқан жағдайды сипаттайды. Психологиялық-педагогикалық және оның жоғары руханилығы деңгейінде қазіргі заман мәдениетімен байланыста болады. Педагогикалық технологиялар, оқыту технологиялары (дидактикалық технологиялар) және тәрбиелеу технологиялары ретінде қарастырылуы мүмкін. В.В. Ликан бұл технологиялардың неғұрлым маңызды белгісін бөліп көрсетеді:

а) технология нақты педагогикалық ой түрінде өндіріледі, оның негізінде автордың белгілі әдіснамалық философиялық позициясы жатады. Осылайша, білім беру процесінің технологиясы және жеке тұлғаны дамыту технологиясын айыруға болады;

в) педагогикалық іс-әрекеттердің технологиялық тізбегі операциялары, қарым-қатынасы күтіп отырған нақты формадағы қорытындысы бар мақсатты ұстанымдарға сәйкес тізбектеледі;

с) диалогтік қарым-қатынас адами және технологиялық мүмкіндіктерді тиімді іске асыру, даралау және саралау принциптерін негізге ала отырып келісімді түрлі мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасты іс-әрекетін технология қарастырады;

педагогикалық технологияның элементтері бір жағынан кез-келген мұғаліммен өндірілуі қажет, ал 2-ші жағынан қарағанда барлық оқушылардың жобаланған қорытындыларына (мемлекеттік стандарт) жетулерін қамтамасыз етеді;

д) педагогикалық технологиялардың органикалық бөлігі болып табылатындар – диагностикалық процедуралар, іс-әрекеттер қорытындыларын өлшеудің көрсеткіштері және инструментариялар, белгілі ұстанымдар.

Педагогикалық технология педагогикалық шеберлікпен өзара қарым-қатынаста. Педагогикалық технологияны өте жақсы меңгеру дегеніміздің өзі – шеберлік. Технология және шеберлік қатынастарына қарағанда меңгеруге болатын педагогикалық технология басқалар

сияқты тек қана орталықтанбайды. Педагогтің тұлғалық ерекшеліктерімен анықталатыны байқалады. Бір ғана технология әр түрлі мұғалімдермен іске асуы мүмкін, бірақ оны іске асыру ерекшеліктерінде олардың осы педагогикалық шеберлігі және кәсіпқорлығы көрінеді.

Дидактикада өзара байланысқан жалпы және жеке технологияларды айыруға болады, жалпыларға конструкциялау технологиясы жатады. Мысалы, қарым-қатынас процесі және оны іске асыру; жеке бұл оқытудың, оқу іс-әрекетін педагогикалық белсендіру, оқытудың қорытындыларын бақылау және бағалау, және неғұрлым нақты – оқу жағдаятын талдау, сабақтың басталуын ұйымдастыру және т.б. типтес міндеттерін шешу технологиясы. Сонымен, оқыту технологиясы сабақ беру әдістемесімен салыстырғанда, оқушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері және мазмұнын өндіруді көрсетеді. Олар диагностикалық білім маңыздылығын және оқыту процесінің қасиеттерінің жалпы оқушылардың тұлғасын дамытуға бағытталған объективті бақылауын қажет етеді. Қазіргі өндірілген және білім беру тәжірибесінде білімді трансформациялау, іскерліктер мен дағдылар, проблемалық, бағдарламаланған әртүрлі деңгейлік, бейімдік, модульдік оқыту және т.б. технологиялары қолданылады [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жоғары оқу орындарында инновациялық әдісті пайдаланып оқытудың ерекшеліктері, Ә.Қ.Қыдырбаева, Г.Т.Танеева, М.Ж. Жұмағұл С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті, Алматы
2. <http://erkin.ucoz.kz/publ/4-1-0-18>
3. [оқу үрдісін технологияландыру мәселелері](http://bilim-all.kz/article/3039-Oqu-urdisin-tehnologiyalandyru-maseleleri) <http://bilim-all.kz/article/3039-Oqu-urdisin-tehnologiyalandyru-maseleleri>

КӨПТІЛДІЛІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Мұханбетжанова А. Р.

А. Байтурсинов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Костанайский государственный университет имени А.Байтурсинова
Kostanay State University named after A.Baitursynov

Қазақ тілі – ана тіліміз. Оны білу – парыз, білмеу – намыс. Орыс тілі де өгей тіл емес. Кешегі кеңестің шекпенінен шыққан елдерге ортақ тіл. Алыс – жақынды көрші елдердің қай – қайсысына бара қалсаңыз, осы тілдің қажеттілігін түсінесіз. Ал ағылшын – болашақтың тілі. Сол себепті аталған үш тілді білмек керек. Үш тілді білу арқылы бір –бірімізбен пікір, білім алмасуымыз жеңілдейді. Болашаққа деген даңғыл жол ашылады. Үштілділік не үшін қажет?

Біріншіден, ақпарат алмасуда немесе таратуда көптілділіктің көмегі ұшан – теңіз. Қазір әлемдегі ақпараттың көбі – ағылшын тілінде. Одан қалса орыс тілінде. Мойындауымыз керек, біз ақпаратты осы екеуінен алып қазақшаға қотаруға бейімбіз. Ал ол ақпарат бізге жеткенше өңі өзгеріп, мағынасы майысып кететіні айдан анық нәрсе. Сондықтан ақпараттың сонау бұлағынан, тұнығынан алып ішкеніміз абзал емес пе? Ағылшын азаматының өз аузынан сұхбат ала алсақ, орыс саясаткерін орнына қоя отырып сөйлесек, біздің сәл де болса ілгерілігенімізді көрсетеді емес пе? Демек, үштілді жүйе қазақстандықтардың тең дәрежедегі ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, Қазақстанның әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің қатарына кіру үшін үштілділік ауадай қажет. Бұл елдердің қатарынан қалмау үшін, солар секілді ғылым мен индустрияның тілін табу үшін көп тілді білген абзал. Әсіресе, бұл тұрғыда жастардың ағылшын тілін білгені ауадай қажет. Бұл ІТ – технология, машина өндірісі, биомедицина, кибернетика секілді адамның ақыл – ой ұшқырлығын қажет ететін маңызды салаларға жол табуға көмектеседі. Сонымен қатар, бүгінгі таңда инженерия мен технология атаулының тілі ағылшынша шығып тұрғанын да ұмытпауымыз керек. Сондықтан, ғылымы дамыған ел болудың алғышарты – ағылшынша білу. Қазіргі уақытта ағылшынша білген елдердің айы оңынан туып тұр. Атап айтқанда, Эстония мен Польша соңғы жиырма жылда ағылшын тілінен

ең жоғарғы білім көрсеткішін көрсетті. Дегенмен, үштілділік білім жүйесін жолға қояр алдында бұл жүйенің бүкіл артықшылығы мен кемшілігі ескерілуі қажет [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанда қазақ, орыс, ағылшын тілді қолдану, енгізу туралы ойды тұңғыш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассамблеясында жариялады. Ал 2007 жылы Елбасы «Жаңа Әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» - «Триединство языков» мәдени жобасын қолға алуды ұсынған болатын. Бұдан кейін 2008 жылғы ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», - деді [2].

Көптілділік деген – әлеуметтік ортадағы қарым – қатынаста көбінесе үш тілден артық тілдерді ұштастыра қолдану үдерісі болып табылады. «Көптілділік» деп кейде тілдердің көптігін де айтады.

2011 жылғы 29 маусымда Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарламада үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай –10 пайызға, 2017 жылға қарай –12 пайызға, 2020 жылға қарай - 15 пайызға дейін) ұлғайту көзделген. Бағдарламаның негізгі мақсаты: Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты. Бағдарламаны әзірлеуге жауапты орган – Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі болып бекітілді.

Көптілді білім беруді жүзеге асыру үшін, алдымен көптеген үлкен мәселелердің шешімін табу керек. Солардың негізгілеріне көптілді білім беретін елдердің тәжірибесін зерттеу; кадрларды дайындау, олардың жеткіліктілігі; материалдық база, т.б. жатқызуға болады. Осы мәселелер өз шешімін дұрыс таппайынша, бағдарламаны жоспарлы түрде жүзеге асыру қиындық туғызатыны белгілі [3, 154 – 158 б].

Біздің елімізге төл тәжірибеге ғана сүйенбей, шетелдік лингвистикамен тәжірибе алмасу өте қажет. Мемлекеттік бағдарламада: «бағдарламаны әзірлеу кезінде 30 – дан астам шет елдің мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға қатысты мәселелерінің құқықтық реттеу тәжірибесі зерделенді» деп көрсетілген [4].

Жапон елінде бесінші мен алтыншы сыныпта ағылшын тілі сабағын қырық бес минуттан аптасына бір рет жүргізеді екен. Университеттердің барлығында ағылшын тілі сабағы бар. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеттерінің студенттері көптеген шет тілдерін оқиды, бірақ нақты ғылымдардың студенттері оларды сирек оқиды.

Көптілді білім беру үдерісінің алдында тұрған міндеттері күрделі, ауқымды әрі алуан түрлі. Солардың ішіндегі ең бір өзектісі, рухани – тарихи маңызы бар, ұрпақ тәрбиесі мен болашағы үшін орны ерекше мәселе – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылуын іс жүзінде қамтамасыз ету. Жоғарыда атап өткен мемлекеттік бағдарламада халықтың қазақ тілін меңгеру деңгейін былайша жоспарлаған: мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесін (2014 жылға қарай – 20 пайыз, 2017 жылға қарай – 80 пайыз, 2020 жылға қарай – 100 пайыз). Үкімет мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, оны азаматтардың барлығы меңгеруі үшін қажетті материалдық –техникалық жағдайларды тегін жасап отыр[3, 154 – 158 б].

Үштілділік саясатына байланысты қазақ ғалымдарының көзқарасын екіге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топтағылардың пікірі бойынша үш тілді балалар үйренсін, бірақ бастауыш сыныпта тек қазақ тілін оқуы керек. Сосын басқа тілдерді қосу керек. Философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталының сөзін келтірсек: - Жалпы, бұл тілдердің балансы, тілдердің теңдігі туралы ой тудырады. Сондықтан кейбір елдерде 2 – 3 тіл оқыту алған. Бірақ екі – үш тілде оқытатын мемлекеттерде ана тілінің, мемлекеттік тілдің меңгерілуіне көп мән беріледі. Егер мемлекеттік тілі әлі де әлсіз, осал, тұғыры берік болмаса, үш тілді меңгеру мақсат етіп қойылмайды. Сондықтан Қазақстанда үш тілді білім беру жүйесін ең алдымен, қазақ мектептерінде қазақ тілін терең меңгерген 10 – 11 сыныптарға қолдануға

болады. Мектепке дейінгі буыннан бастап үш тілді енгізу – мемлекеттік тілдің болашағына үлкен қауіп төндіретін саясат. Егер оқушылар қазақ тілін мықтап меңгерсе, онда басқа тілдерді де оқуға болады. Жалпы, бұл саясатты қолдай отырып, қоғамда «үш тұғырлы тіл саясаты қоғамда мемлекеттік тілді әлсіретуі мүмкін» деген пікірдің тарағанын да ескерген жөн [3, 154 – 158 б].

Екінші пікір бойынша балалар кішкентай кезде тілдерді тез үйренеді, сондықтан балабақшадан бастап үш тілді де қатарынан үйрете беру керек.

Бұл көзқарастардың туындауына да себеп жоқ емес. Себебі Кеңестік тіл саясаты қазақ тілінің қолданысына нұқсан келтірді. Көптеген қала қазағының отбасында ана тілінің орнын орыс тілі басқан немесе орыс тілі басым қолданылатын қазақ –орыс қостілділігі орныққан. Осындай келеңсіз жағдайлар тағы да қайталанбас үшін қазақ зиялы қауымы қазіргі үштілділік саясатында қазақ тілінің рөліне үлкен мән беріп қарауды көтеруде.

Полилингвизм - жаһанданып келе жатқан әлемнің талабы. Сондықтан үштілділік тәуелсіз елдің стратегиялық мәні ерекше құбылыс. Тілдік саясатты жүргізуде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің орны мемлекетіміз үшін маңызды. Осыған орай, әр тілдің еліміздегі атқаратын қызметі дұрыс насихатталып, мемлекеттік бағдарламада көрсетілгендей, үш тілдің қызметін, қолданысын айқындап алу қажет [3, 154 – 158 б].

Көп тілді меңгеру - бұл өте күрделі психологиялық үрдіс. Бүгінгі таңда бізге ана тілінің уызына қаныққан, ұлттық мұраны құрметтейтін, іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, зиялы да шабытты тұлғаның қажет екені белгілі. Әл-Фараби бабамыздың 76 тіл білгені біз үшін мақтаныш. Елбасы Н.Назарбаевтың төрағалық етуімен Қазақстан халқы Ассамблеясының ХҮІІ сессиясында: «Елдің түрлі өңірлерінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыта отырып, үш тұғырлы тіл қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс» - делінген болатын. Лингвистика ғылымы соңғы жылдары көптеген жаңа бағыттарды қамтып, ғылыми-теориялық және практикалық жағынан кең өріс алып, дамып келеді. Мұндай бағыттар қазіргі өмір талабы мен уақыт сұранысына сәйкес пайда болып отырғаны белгілі. Бұған дейін біз бір тілге көңіл аударып келсек, қазір заман талабына сай жаңа салаға, жаңа бағытқа - когнитивтік лингвистикаға айрықша көңіл аударып келеміз. Бұл сала қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жарыстыра отырып, бір-бірімен салыстыра, жалғастыра отырып үйрету принципіне негізделген[5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кен Шайыр. Үштілділік неге керек? Айқын. – 2016, 19 сәуір. Б.3
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл – ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» // Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. 6 ақпан, 2008 ж.
3. Байтелиева Ж. Назарбаев университетінің ассистент профессоры, ф.ғ.к., Астана қ., Үштілділік және қазақ тілінің мәртебесі. ҚазҰУ жаршысы, филология сериясы., 2016 ж. № 1 (159)/ 154 – 158.
4. [http: www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)
5. Сраилова Г.М. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, Көптілділік - әлемтану көпірі Алматы, Қазақстан, http://rusnauka.com/27_NII_2013/Philologia/7_146394.doc.htm

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЛОСОФИИ

Науменко О. А., Бекбаев Р.Р.

Национальный университет Узбекистана, г.Ташкент
Узбекистан мемлекетінің ұлттық университеті, Ташкент қ.
National University of Uzbekistan, Tashkent

Философия есть особая форма познания мира, вырабатывающая систему знаний о фундаментальных принципах и основах человеческого бытия, о наиболее общих существенных характеристиках человеческого отношения к природе, обществу и духовной жизни во всех ее основных проявлениях [1, с.1280]. Для усвоения человеком философского знания ключевое

значение имеет ее преподавание. В преподавании философии существует ряд особенностей. Именно эти особенности и представляют трудность. Надо сказать, что философия – это единственная наука (метанаука, форма общественного сознания, методология и т.д.), заключающаяся в постижении мира во всей его целокупности, во всех связях и категориях, существующих во всём многообразии объективной и субъективной реальностей. Причём философия пытается рассматривать их во взаимодействии, с учётом причинно-следственных связей, либо без таковых и при всём этом ещё и прилагает усилия на основе методологии и в частности определённых методов для раскрытия тайны мироздания и, разумеется, субъекта познания, то есть человека. Это невероятно сложная задача, которая ставит под сомнение нахождение более или менее достоверного знания о мире. Но всё это не под силу ни одной из известных человечеству наук. А так как за дело взялась именно философия, то и искать разрешение загадки предстоит ей. И поэтому необходимо в первую очередь разработать методику преподавания столь сложного и многообразного предмета как философия. И здесь начинается первая трудность. Под вопрос ставится сам предмет преподавания философии. Многие неверно ассоциируют философию с чем-то столь заоблачным и безграничным, что на их лице появляется подобие усмешки. Это так и не так. Так потому, что философия действительно безгранична. А не так потому, что философия – это наука о наиболее общих законах развития природы, человека и общества, человека и их взаимосвязи. Сюда входят отношения материального, идеального и духовного порядка. Философию волнуют глобальные вопросы. Что есть бытие, Вселенная? Что есть познание, какова его структура и формы? Каковы методы поиска истины в философии? Что есть человек? Что есть общество, и по каким принципам оно строится? Что есть мораль, ценности, культура, любовь, красота? Это лишь небольшой перечень, составляющий суть философских изысканий. Теперь другой вопрос, – как лучше подойти и с какой стороны, чтобы, во-первых, самому не заблудиться во Вселенной познания, а во-вторых, не завести в тупик тех людей, с которыми в последствии предстоит работать.

Самое важное – самому попытаться разобраться во всех этих проблемах, найти некую «золотую середину», наиболее приемлемый вариант для мирного и творческого сосуществования учёных. Среди миллионов мнений синтезировать несколько и штудировать их; в случае неудачи повторять этот эксперимент ещё и ещё раз. Так закаляется личность философа, мыслителя, Человека. И конечно сразу это не даётся, какой бы гений ни был скрыт в человеке. Блез Паскаль, например, за свою короткую жизнь выстрадал больше, чем можно представить в течение нескольких веков. Это был истинный, вечно ищущий, жаждущий новых целей и Веры Человек. Разумеется, для огранки знаний нужно время, а время – это опыт. Благодаря опыту появляются мудрые учителя, которые строят первые знания человека о мире, в котором он живёт. Но одного опыта мало. Необходимо жаждать знаний, бросаться за ними в пучину океана и подниматься ввысь до квазаров. Только готовый на такое может ясно представлять себе, что есть философия. А для этого нужно окрепнуть, взрастить в себе богатую почву, способную рожать и впитывать мир в себя, пытаясь отыскать те звенья, которые и составляют его закономерности. Вот поэтому так трудно оформить план преподавания философии. Но трудно не значит невозможно. И поэтому лучше всего обратиться к истории философии, без которой и не мыслимо её изучение. Начиная с Древнего Египта, Вавилона и Греции и заканчивая современными течениями в философии, увеличивается шанс понять её глубины и значение для человечества. С истории начинается познание. Без истоков того или иного явления очень сложно разобраться в его сущности. Необходимо большое количество времени употребить на чтение и изучение материалов, касающихся великих мыслителей, посвятивших всё своё естество «матери наук» (как иногда называют философию). Для этого нужно иметь колоссальное терпение и усердие. На этом пути человеку должен сопутствовать опытный наставник. Ведь не у всех же есть твёрдая воля.

Из всего сказанного можно заключить, что основная трудность в преподавании философии таится в первых шагах преподавательской деятельности и в том, как сам преподаватель философии подготовлен для работы со студентами. Это не простое дело. В руках

выпускников ВУЗов будут судьбы молодых людей. И поэтому не каждый сможет вести предмет философии в средних специальных и высших учебных заведениях. Если всё упростить, то студенты не поймут всех тонкостей и сложных связей в философии. Если же усложнить и закидать студентов непонятными фразами и теориями, то и это не принесёт никакой пользы, а только увеличит непонимание в глазах учащихся. Вечный поиск и апробации – вот быть может удел настоящего учёного и преподавателя. Методика должна постоянно меняться, иначе она станет догмой. А если появляется догмат, категоричность, то значит, вытесняется другое, возможно более продуктивное мнение. Этого допустить нельзя. И поэтому ещё одной особенностью (или даже тонкостью) философии является непостоянство, вечный поиск достоверного знания. В силу всего этого, можно говорить о том, что подготовка профессиональных кадров, специализирующихся на области философии необходима и по сей день. Для этого нужны соответствующие отделения либо факультеты в ВУЗах, откуда будут выпускаться настоящих профессионалы, понимающие, как довести до студента суть философии, ее предмет и задачи, заинтересовать его данной дисциплиной. Например, на Факультете социальных наук Национального университета Узбекистана действует направление «Философия», функционируют соответствующие кафедры. Здесь ведется целенаправленное и углубленное обучение студентов философским дисциплинам, выпускаются квалифицированные специалисты, которые ведут преподавательскую деятельность практически во всех высших и средних учебных заведениях страны. Кроме того, организуются круглые столы, конференции и семинары по философии, где выступают множество докторов и кандидатов наук, а также студенты. Так, 1-2 июня 2016г. в г.Ташкенте проходила научно-практическая конференция на тему «Философия и социальное развитие», в которой принимали участие ведущие специалисты по философии, магистры и студенты, велись дискуссии и обсуждения. Нужно особо отметить, что принимавшие участие учащиеся ВУЗов интересовались и развивали самые различные темы. К примеру, студенты освящали такие вопросы, как о философско-правовых воззрениях Абу Насра Аль-Фараби и их связи с развитием гражданского общества [2, с.504-507], о проблеме смысла жизни в философии [2, с.134-136], о роли духовно-просветительских мероприятий в борьбе с угрозами духовности человека [2, с.205-208], о месте критического мышления в развитии науки [2, с.81-83] и т.д. Видно, что кругозор студентов охватывает различные сферы знаний, имеется заинтересовать в их изучении через призму философии, в чем ведущую роль сыграли именно преподаватели.

Развитие современной технологической мысли дошло до такого уровня, что можно ввести в поисковой системе любую фразу и получить сотни ответов. Такой подход, особенно со стороны молодежи, способствует деградации знания, так как отпадает необходимость задействования собственного мышления. Именно здесь раскрывается роль и значение философии в жизни человека, ибо она требует от разума активизации мыслительного процесса, позволяет объективно оценивать окружающий мир и свое место в нем, понять те или иные идеи, воззрения предыдущих поколений. Это дает толчок для всестороннего развития человека.

